

2022 жыл 8 қараша № 78 – 11/08

### **Құрметті әріптестер!**

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жиі шақыратын үндеулерінің бірі отандық ғалымдарға қолдау көрсету, сондай-ақ ғылымның дамуына жан-жақты ықпал ету болып табылады. Отандық ғылыми әлеуеттің бәсекеге қабілеттілігі елдің әл-ауқатын жақсарту үшін мемлекеттік саясатты дамытудың басым бағыттары мен векторларының бірі болып табылады. Оны дәйекті іске асыру, сондай-ақ 2011 жылы қабылданған «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жетекші ғылыми мектептерді, ғылыми-білім беру орталықтары мен институттарын сақтауға, ғылымды әкімшілендіру мен қаржыландырудың жаңа моделін қалыптастыруға, ғылыми-техникалық сараптаманың жаңа институттарын, ұлттық ғылыми кеңестерді, коммерцияландыруды дамытуға және өндіріске ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін енгізуге ықпал етті.

Сол кезде, 2011 жылы біз Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен мемлекет басшысы қойған міндеттерді орындау бойынша бірлескен жұмысты бастадық. Мемлекеттік билік органдарымен, елдің жоғары оқу орындарымен және зерттеу институттарымен ынтымақтастықта қазақстандық ғалымдардың ықпалды халықаралық журналдардағы ғылыми мақалалары санының 2010 жылы жарияланған 659 мақаладан 2021 жылы жарияланған 3898 мақалаға дейін алты есе өсуіне қол жеткізілді. Осы кезеңде біздің компанияға тиесілі Web of Science халықаралық ғылыми-метриялық платформасында индекстелетін қазақстандық журналдардың саны айтарлықтай өсті, бұл еліміздің бірқатар ғылыми басылымдарының сапасын арттыру бойынша елеулі күш-жігерді талап етті.

Қазақстандық ғылымның халықаралық беделін нығайту үшін Clarivate компаниясы білім беру және ғылыми мекемелердің өкілдері үшін тұрақты түрде халықаралық конференциялар өткізеді.

«Инновациялық экожүйені дамыту: зерттеулер мен әзірлемелерді дамыту мен бағалаудың заманауи әдістері» халықаралық конференциясы 22 қарашада өтеді. Биылғы жылы Satbayev University жанындағы Д.Қ. Сүлеев

атындағы ғылым және шығармашылық орталығында конференция өткізу жоспарлануда. Іс-шараның басталуы сағат 10:00-де.

Конференция жұмысына Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілдері, ЖОО басшылары, жетекші шетелдік және отандық ғалымдар, мәдениет және бизнес қайраткерлері, оқытушылар, кітапханашылар, сондай-ақ барлық мүдделі тұлғалар қатысады.

Осы халықаралық конференцияның негізгі мақсаты технологияларды коммерцияландыру призмасы және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері арқылы отандық ғылымның, білім мен инновациялардың қолайлы экожүйесін қалыптастыру перспективаларын талқылау болып табылады. Сондай-ақ, ғылыми зерттеулер, технологиялық әзірлемелер және білім беру саласындағы әдістер мен бағалау мәселелері қаралатын болады.

Құрметті әріптестер, Сіздерді конференция жұмысына қатысуға және Қазақстан Республикасында ғылымды дамытуға байланысты міндеттерді шешу үшін көпшіліктің күш-жігерін біріктіруге мүмкіндік беретін осындай ауқымды іс-шараның бір бөлігі болуға шақырамыз. Конференцияға қатысу үшін онлайн-формада тіркелу қажет: <https://forms.gle/v6UP4DmG7txYCwwwv6>

Халықаралық конференцияны өткізуге байланысты барлық мәселелер бойынша Clarivate компаниясының Қазақстандағы және Орталық Азия өңіріндегі ресми өкілі Кенжина Инешке хабарласуға болады, телефон: +7 705 543 58 55, электрондық пошта: [Inesh.kenzhina@clarivate.com](mailto:Inesh.kenzhina@clarivate.com)

**Ізгі ниетпен,  
Clarivate компаниясының  
Орталық Азия өңірі елдеріндегі ресми өкілі  
Кенжина Инеш**